

**Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1506 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 990 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 990 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып белгіленсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	29 қарашадағы
№ 1506 қаулысымен	
бекітілген	

**Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі**

--	--	--	--

P/c №	Біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1	Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу	Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған)	
2	Мақта қолхаттарын беруді есепке алу*		Занды тұлғаның қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексерілуі тиіс
3	Меншік құқығында мақта тазалау зауытының болуы	Мақта тазалау зауытының меншік құқығын растайтын жылжымайтын мүлікке және онымен жасалған мәмілелерге және заңнамада белгіленген нысан бойынша үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша оған ауыртпалықтың жоқтығына құқықты тіркеу органы анықтамасының түпнұсқасы	
4	Мақта тазалау зауытында: кемінде бір мақта қабылдау пунктін; шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың; таразы жабдығының; желдету жабдығының; тиеу-түсіру механизмдерінің; мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың; мақтаны сақтауға арналған арнайы бөлінген орынның болуы		Занды тұлғаның қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексерілуі тиіс
5	Мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде : шитті мақтаны қоймаға жинауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның ; таразы жабдығының; сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдықтың; тиеу-түсіру механизмдерінің болуы		Занды тұлғаның қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексерілуі тиіс
6	Мақта тазалау зауытында, сондай-ақ мақта тазалау зауыты орналасқан		

	орыннан тыс жердегі мақта қабылдау пунктінде өткізу режимінің болуы		Занды тұлғаның қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексерілуі тиіс
7	Тиісті білімі бар (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе технологиялық білім, мамандар үшін – ортадан кейінгі (техникалық немесе технологиялық) білім) техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының болуы	Тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, мамандығы бойынша жұмыс өтілін қамтитын өтініш берушінің дипломдарының көшірмелерін қоса берумен (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) қол қойылған және мөр қойылған жиынтық кесте мен штат кестесінің үзінді көшірмесі	
8	Мақта тазалау зауытының, сондай-ақ мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктіннің аумағы қоршалуға тиіс		Занды тұлғаның қызметті жүзеге асыру орны бойынша тексерілуі тиіс

Ескертпе: \* - осы біліктілік талабына лицензиаттың сәйкестігін тексеру лицензиялық бақылау барысында жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 5 0 6

қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 449 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 201-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 449 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1252 қаулысы Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 47, 570-құжат).

3. «Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 449 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 867 қаулысы.

